

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі бойынша педагогикалық кеңестің

№5 хаттамасынан үзінді көшірме

Өткізілген күні: 30.05.2023ж

Өткізілген орны: №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі мәжіліс залы

Қатысқаны: 94

Қатыспағаны : 0

Күн тәртібінде:

Тақырыбы :

2. Жыл бойына оқушылармен жан-жақты жұмыс жүргізіп, нәтижелі жұмыс үлгісін көрсеткен, мектеп мониторингісі бойынша ең үздік көрсеткіш көрсеткен мектеп мқғалімдерін марапаттауға ұсыну.

Тыңдалды: мектеп директоры А.Кисикова

2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша жүргізілген жыл бойына атқарылған жұмыстардың қорытынды мониторингісі бойынша өзге әріптестерінен озық болып, нәтижелі жұмыс атқарған әріптестердің еңбегін бағалап, өзге педагогтарға үлгі болып қызығушылығын тудыру мақсатында берілетін марапаттарға ұсыныс жасауымыз керек.

Ақгул Мырзабековна одан әрі марапаттарға педагогтарды көтермелеудің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығын басшылыққа алып, ұсыныс жасалуы керектігін өз сөзінде атап өтті.

Сөз сөйлеушілер:

1. Г.Уразалина – мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары. Мектеп педагогтарының жыл бойғы жұмыстарына саралай келе, жұмысына оң баға беріп, республика деңгейіндегі марапатқа орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шудабаева Жайнагуль Мырзакановна ұсынатындығын айтты. Жайнагуль Мырзакановна оқушылармен бірге мектеп педагогтарымен шығармашылық атқарған жұмыстарын ерекше атап өтуге болатындығын айта келіп, республика көлеміндегі марапатқа әбден лайық әріптес екенін айтып өтті.

Кеңес соңында сөз алған мектеп директоры Ақгул Мырзабековна әріптестер марапатқа ұсынған педагогтардың ұсыныстарын дауысқа салуды ұсынды. Барлық ұжым мүшелері бірауыздан ұсынысты қабылдады.

ШЕШІМ:

1.Күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша оқу жылының қорытынды мониторингісі бойынша ең үздік нәтиже көрсеткен орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шудабаева Жайнагуль Мырзакановнаны Оқу-ағарту министрінің Алғысымен марапаттауға ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

А.Кисикова

Хатшы :

Р.Мурзағалиева

